

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2020 жылғы 6 ақпан

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы Д.Н. НАЗАРБАЕВА жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті сенаторлар, шақырылған лауазым иелері! Сенаттың кезекті отырысын бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 47 депутат. Қажетті кворум бар. Сенаттың отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, 2 ақпанда әріптесіміз Асқар Оразалыұлы Шәкіровтің туған күні болды.

Асқар Оразалыұлын туған күнімен құттықтаймыз! Зор денсаулық, депутаттық қызметіне табыс тілейміз!

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Жұмысымызды бастайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Келісесіздер ме, басқа ұсыныстар жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, күн тәртібіне дауыс берейік. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 47 депутат, «жақтағандар» – 47, «қарсылар» – жоқ, «қалыс қалғандар» – жоқ. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Салықтық базаны бүркемелеуге және пайданы салық салу аясынан алып кетуге қарсы іс-қимыл жасау мақсатында салықтық келісімдерге қатысты шараларды орындау жөніндегі көпжақты конвенцияны ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – Қаржы министрі Әлихан Асханұлы Смайыловқа беріледі.

СМАЙЫЛОВ Ә.А. Қайырлы күн, құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті депутаттар! Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауында

Экономикалық даму және ынтымақтастық ұйымының үздік тәжірибелерін енгізу қажеттілігін атап өтті.

Аталған тапсырманы негізге ала отырып, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі салықтарды төлеуден жалтаруға қарсы күреске бағытталған Экономикалық даму және ынтымақтастық ұйымының жаңа жобасы – BEPS-ке Қазақстанның қатысуына бастама жасады.

Бүгін сіздердің қарауларыңызға «Салықтық базаны бүркемелеуге және пайданы салық салу аясынан алып кетуге қарсы іс-қимыл мақсатында салықтық келісімдерге қатысты шараларды орындау жөніндегі көпжақты конвенцияны ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы ұсынылып отыр.

Осы халықаралық шартқа қосылудың маңыздылығы мен қажеттілігін атап өткім келеді, өйткені бұл Еуропалық одақтың директивасына сәйкес BEPS жобасының барлық қатысушылары үшін міндетті шарт болып табылады.

Бұл конвенция барлық екіжақты салықтық конвенцияларға салық салудан жалтаруға қарсы іс-қимылға бағытталған өзгерістер енгізеді. Бұл ретте көпжақты конвенцияның мәні тек екі жағы да көпжақты конвенцияға қосылған екі жақты салықтық конвенциялар ғана болады.

Көпжақты конвенцияда көзделген негізгі өзгерістерге тоқталып өтсем:

біріншіден, заңды тұлғалардың қос резиденттік мәселесін шешу тәртібі анықталған;

екіншіден, кіріспе мәтіні екі мемлекетте де, атап айтқанда кіріс көзі болатын мемлекетте және кіріс алушының резиденттігі болатын мемлекетте кірістерді салық салудан босату мүмкіндігін болдырмау бөлігі толықтырылды;

үшіншіден, егер мәміленің мақсаты тек осындай жеңілдіктерді алу болған жағдайда жеңілдіктерді қолдануды шектейтін ереже көзделген;

төртіншіден, дивидендтер бойынша кіріс туындағанға дейін бір жыл ішінде жеңілдіктерді алу үшін белгіленген шарттардың сәйкес болу қажеттілігі туралы талап белгіленді;

бесіншіден, келісімшарттарды бөлу, агенттік/комиссиялық келісімдерді, жекелеген қызмет түрлері үшін арнайы ерекшеліктерді пайдалану есебінен тұрақты өкілдік мәртебесін заңсыз болдырмаудың жолын кесуге бағытталған ережелер енгізілді;

алтыншыдан, өзара келісілетін рәсімге бастама жасау үшін нақты мерзімдер белгілей отырып, өзара келісім рәсімі жетілдірілді.

Бұдан басқа біз «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палата алаңында бизнес-қауымдастық өкілдерімен көпжақты конвенцияның ережелерін түсіндіру мақсатында бірнеше рет кездестік.

Құрметті депутаттар, қорытындылай келе, аталған құжаттың маңыздылығын тағы да атап өткім келеді.

Конвенцияны іске асыру бюджеттен қаржы шығындарын талап етпейді.

Сіздерден осы көпжақты конвенцияны ратификациялау бойынша оң шешім қабылдауды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Әлихан Асханұлына сұрақтарыңыз бар ма? Сенатор Әділбеков.

ӘДІЛБЕКОВ Д.З. Уважаемый Алихан Асханович, с принятием данной конвенции появятся новые нормы, которые будут распространяться на налогоплательщиков Казахстана. В связи с этим хотелось бы уточнить, с чем, на Ваш взгляд, связано, что Казахстан при ратификации 54 действующих на сегодняшний день в Казахстане двусторонних конвенций не предусмотрел некоторые нормы, которые мы сейчас рассматриваем в данном законопроекте? Это первое.

Второе. Планируется ли проведение в связи с этим разъяснительной работы среди налогоплательщиков?

СМАЙЫЛОВ Ә.А. Спасибо за вопросы.

Рассматриваемая сегодня многосторонняя конвенция касается доходов нерезидентов, которые они получают в Республике Казахстан. Нам необходимо вести работу по противодействию уклонению от налогообложения, размыванию налогооблагаемой базы и выводу капитала из страны. Именно на это нацелена многосторонняя конвенция. Она вносит соответствующие изменения в наши двухсторонние налоговые соглашения об избежании двойного налогообложения.

Транснациональные компании, пользуясь положениями двусторонних налоговых конвенций, стараются уйти от налогообложения, вывести доходы в юрисдикции с более льготным налогообложением. Поэтому это очень важная работа. Лучшие практики разных стран мира были изучены, и ОЭСР предложены в рамках этой многосторонней конвенции, которая была принята в конце 2016 года. Мы в середине 2018 года к ней присоединились, сегодня ратифицируем.

Хочу сказать, что отдельные нормы этого многостороннего соглашения в нашей практике уже применены. Мы провели анализ, в более 20 наших налоговых конвенциях частично эти нормы уже учтены. Но отдельные нормы, как Вы справедливо отметили, не были учтены, поскольку это связано со сложным переговорным процессом и нежеланием наших стран-партнеров применять ту или иную норму, которая предусматривается в многосторонней конвенции.

Теперь с присоединением к этой многосторонней конвенции (к ней присоединились 92 страны, из которых 38 ратифицировали) на этапе ратификации эти нормы будут применяться.

Что касается разъяснительной работы, то в ходе подготовки этого документа на протяжении последних двух лет мы широко проводили обсуждение с бизнесом, на площадке Министерства финансов, на площадке НПП «Атамекен» встречались много раз. После ратификации мы проведем ряд совещаний и кустовых семинаров в регионах для того, чтобы все наши налоговые агенты, которые занимаются выплатой доходов нерезидентам, знали четко о нормах данной многосторонней конвенции.

Кроме того, подготовим синтезированные двусторонние налоговые конвенции об избежании двойного налогообложения уже с учетом сегодняшней многосторонней конвенции для удобства наших предприятий и компаний. Спасибо.

ТӨРАҒА. Депутат Қожамжаров.

ҚОЖАМЖАРОВ Қ.П. Уважаемый Алихан Асханович, у меня один более предметный вопрос касательно статьи 7, части а). Разъясните, пожалуйста, касательно текста об упрощенном положении об ограничении льгот, так называемый СЛОП. И почему только с 14 странами, включая Казахстан? Из них только три страны мира ратифицировали данный подход, Россия, Индия и Словакия.

Мы понимаем, что хотели бы в данном случае поставить заслон перед недобросовестными субъектами предпринимательства. Не пострадают ли наши добросовестные субъекты предпринимательства, тем более те, кто работает в других государствах?

СМАЙЫЛОВ Ә.А. Спасибо за вопросы.

Нет, не пострадают.

Статья 7 содержит два раздела.

Первый раздел. Это тест на основную цель, его задача состоит в том, что если компания основной целью ставила именно получение самой льготы, то такая льгота не должна быть предоставлена. Это обязательная норма, к которой присоединились все страны, подписавшие многостороннюю конвенцию.

Второй раздел. Это так называемый СЛОП, то есть упрощенный порядок ограничения льгот, в котором расписан полный перечень всех тех, кто имеет право на получение льготы (физические лица, некоммерческие организации, компании, которые котируются на биржах, и другие), и кто не имеет права, в том числе и холдинговые компании.

Холдинговые компании специально регистрируются в таких юрисдикциях с льготным налогообложением. Пользуясь наличием двусторонних конвенций, получают льготу по дивидендам. Например, если речь идет о Кипре, то в рамках двухсторонних налоговых соглашений мы должны применить ставку в размере 5 процентов, в то время как он должен был заплатить 15 процентов, если бы отсутствовала такая норма.

Это делается для того, чтобы мы обеспечили полноту уплаты налогов в бюджет. Эта норма СЛОП применяется в ряде развитых стран, в Российской Федерации. Поэтому мы считаем, что это важная норма.

Вчера представители МФЦА в качестве аргумента сказали, что надо развивать Международный финансовый центр, что российские холдинговые компании, которые сейчас работают на Кипре, в Люксембурге и других странах с меньшим налогообложением, должны прийти в Казахстан. Поэтому предлагают пока не присоединяться к этому СЛОП.

Но нас на сегодняшний день не убедила их аргументация, потому что МФЦА работает не первый год, а российские холдинговые компании к нам пока не перебрались, хотя у нас действует Соглашение об избежании двойного налогообложения. У нас 10-процентная ставка.

Мы вчера согласились, что мы проведем дополнительные консультации и при необходимости внесем изменение. По нашему мнению, такой необходимости нет. До конца года у нас есть время, чтобы это поправить, поскольку нормы, касающиеся налогов, вступают в силу с 1 января 2021 года. Спасибо.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ. Әлихан Асханұлы, рақмет.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Ғұмар Исламұлы Дүйсембаевқа беріледі.

ДҮЙСЕМБАЕВ Ғ.И. Құрметті Төраға, құрметті әріптестер мен шақырылғандар! Қазақстан Республикасы 2018 жылғы 25 маусымда Салықтық базаны бүркемелеуге және пайданы салық салу аясынан алып кетуге қарсы іс-қимыл жасау мақсатында салықтық келісімдерге қатысты шараларды орындау жөніндегі көпжақты конвенцияға қосылды. Оны 2016 жылы BEPS бастамасы шеңберінде Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы және G-20 елдерінің жетекші сарапшылары әзірлеген.

Қазіргі уақытта көпжақты конвенцияға әлемнің 92 елі қосылған.

Көпжақты конвенция – халықаралық салық келісімдерінің бірқатар ережесін жылдам өзгертуге және ірі ұлтаралық корпорациялар үшін салық салудан жалтару мүмкіндігін азайтуға септігін тигізетін тетік. Атап айтқанда, конвенция BEPS бастамасының негізгі ережелерін, соның ішінде бірқатар тест өткізу арқылы халықаралық салық келісімдерін теріс пайдалануға қарсы күрес бойынша ұлттық фискалдық саясатты жүргізу икемділігін елдерге ұсынуды қажет етеді. Белгілі бір ескертпелері бар келісілген ең төменгі стандарттарды қолдану жолымен қолданыстағы халықаралық салық келісімдеріне енгізуді көздейді.

Көпжақты конвенцияны ратификациялау, салық салынатын базаны бүркемелеуге және пайданы салық салу аясынан алып кетуге қарсы іс-қимыл аясында әзірленген үздік халықаралық стандарттарды ендіруге мүмкіндік береді. Салық салудан жалтару бойынша салықтық схемаларды пайдалануды және Қазақстаннан капиталды алып кетуді жою арқылы мемлекеттік бюджетке түсімдердің артуын қамтамасыз етеді.

Заң жобасы бойынша мемлекеттік органдардың, «Астана» халықаралық қаржы орталығының, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы өкілдерінің қатысуымен үш жұмыс тобының отырысы мен комитеттің кеңейтілген отырысы өткізілді. Парламент Сенатының барлық комитеттері заң жобасына оң қорытынды берді.

Баяндалғанды ескере келе, Қаржы және бюджет комитеті аталған заң жобасын Қазақстан Республикасы Конституциясы 61-бабының 4-тармағына сәйкес қабылдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Ғұмар Исламұлына сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Мәселені талқылауға көшеміз.

Сөз сенатор Қылышбаевқа беріледі.

ҚЫЛЫШБАЕВ Н.Н. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті әріптестер! Бүгін қаралып отырған заң жобасы барлық екіжақты салықтық конвенцияларға салық салудан жалтаруға қарсы іс-қимылға бағытталған өзгерістер енгізеді. Бұл ретте көпжақты конвенцияның мәні тек екі тарапы да көпжақты конвенцияға қосылған екі жақты салықтық конвенциялар ғана болады.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы ратификациялаған қосарланған салық салуды болдырмау туралы 54 келісімнің 42-не көпжақты конвенция қатысты болады.

Бұл ретте көпжақты конвенция салық конвенцияларын қолдануға қосымша шектеулер ретінде қаралады, яғни мұндай салық конвенцияларына жеке тәртіппен өзгерістер енгізбейді, салық конвенцияларына қосымша хаттамаларды, қосымшаларды және өзге де құжаттарды жеке келісуді және қол қоюды талап етпейді.

Сондай-ақ осы конвенцияда, егер жеңілдікті алу шарт жасасудың негізгі мақсаты екені анықталған жағдайда салық салудан босатуды немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін қолдануға қатысты жеңілдіктерді қолдануға тыйым салу көзделеді.

Аталған заң жобасын қабылдау халықаралық стандарттарға сәйкес болуға тырысатын ел ретінде Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының алдында Қазақстанның мәртебесін арттырады және екіжақты салық конвенцияларының ережелерін қолдану арқылы құрылған салық схемаларының жолын кесудегі күресінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Мен осы заң жобасын қолдаймын және әріптестерімнің де қолдауларын сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Тағы да сөйлейтіндер бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда талқылау аяқталды. Енді шешім қабылдайық.

«Салықтық базаны бүркемелеуге және пайданы салық салу аясынан алып кетуге қарсы іс-қимыл жасау мақсатында салықтық келісімдерге қатысты шараларды орындау жөніндегі көпжақты конвенцияны ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 47 депутат, «дауыс бермегендер» – 1, «жақтағандар» – 45, «қарсылар» – 1, «қалыс қалғандар» – жоқ. Заң қабылданды.

Шақырылған азаматтарға рақмет. Аман-сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Шанхай ынтымақтастық ұйымының экстремизмге

қарсы іс-қимыл жөніндегі конвенциясын ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасары Нұрғали Дәулетбекұлы Білісбековке беріледі.

БІЛІСБЕКОВ Н.Д. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті сенаторлар! Сіздердің қарауларыңызға «Шанхай ынтымақтастық ұйымының экстремизмге қарсы іс-қимыл жөніндегі конвенциясын ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын ұсынып отырмыз.

Конвенцияға Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің басшылары 2017 жылғы 9 маусымда Астана қаласында өткізілген саммитте қол қойған.

Құжат Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекет басшылары кеңесінің жоғарыда аталған конвенция жобасын әзірлеуге қатысты 2015 жылғы 10 шілдедегі шешіміне, сондай-ақ ұйымға мүше мемлекеттердің 2016 – 2018 жылдарға арналған ынтымақтастық бағдарламасына сәйкес әзірленді.

Конвенцияның мақсаты – Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің экстремизмге қарсы іс-қимыл саласында өзара әрекеттестігін арттыру.

Конвенцияны әзірлеуге Шанхай ынтымақтастық ұйымының Өңірлік терроризмге қарсы құрылымының нормативтік базасын жетілдіру қажеттігі туралы осы ұйымның құзыретті органдарының ақпараты негіз болды.

Конвенция «экстремизм» түсінігін тұңғыш рет халықаралық деңгейде деструктивті көрініс ретінде белгілейді және оның мазмұнын мен экстремистік іс-әрекеттің негізгі түрлерін анықтайды.

Конвенция Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің экстремизмге қарсы күрес саласында өзара іс-қимылын қалыптастырады және тараптардың заңнамаларын біркелкі қылуға себепші болады.

Конвенцияны іске асыру:

Шанхай ынтымақтастық ұйымы елдерінің аумағына экстремистік ұйымдар мүшелерін кіргізбеу үшін шекаралық ынтымақтастықты күшейтуге;

экстремизмге қарсы шаралар әзірлеу мен іске асыруда халықаралық және өңірлік ұйымдармен өзара іс-қимылды арттыруға;

экстремизмге қарсы іс-қимылдың насихатталуын, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдары мен интернет желісінде күшейтуге;

экстремистік идеологияның таралуын уақытылы анықтау және жолын кесу мақсатында бұқаралық ақпарат құралдары мен интернет желісіне мониторинг жүргізуді арттыруға;

азаматтарды экстремизмге саналы түрде қарсы тұруға бағытталған мәдени дәстүрлерді, рухани, өнегелі және патриоттық тәрбиені күшейтуге мүмкіндік береді.

Бұның бәрі Қазақстан үшін маңызды әрі тәжірибелік жағынан пайдалы.

Конвенцияны іске асыру қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізуді, сондай-ақ жаңа заңдар мен өзге де нормативтік актілерді қабылдауды талап етпейді, себебі әрбір мемлекетте күшінде тұрған нормативтік актілер қолданылатын болады.

Заңды қабылдау республикалық бюджеттен қосымша қаржы бөлуді талап етпейді, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық және құқықтық теріс салдарға әкеліп соқтырмайды.

Осыған орай ұсынылып отырған заң жобасын қолдауларыңызды сұраймыз.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Нұрғали Дәулетбекұлына сұрақтарыңыз бар ма? Сенатор Лукин.

ЛУКИН А.И. Рақмет, Дариға Нұрсұлтанқызы.

Құрметті Нұрғали Дәулетбекұлы, у меня два вопроса.

Имеются ли за пределами Республики Казахстан разыскиваемые нами экстремисты, на территориях государств – членов ШОС, и аналогично в Республике Казахстан? Причины, если они есть, невозврата их в страну гражданства? Это первый вопрос.

Второй вопрос. Какие компетентные органы Республики Казахстан будут определены ответственными за реализацию конвенции? Спасибо.

БІЛІСБЕКОВ Н.Д. Спасибо за вопросы, уважаемый Андрей Иванович.

По первому вопросу. На сегодняшний день лиц, которых мы разыскиваем на территориях стран ШОС за экстремизм, нет. Но за последние пять лет нами разыскано на территориях стран ШОС 30 граждан Республики Казахстан, которые возвращены и привлечены к уголовной ответственности. В основном из Кыргызстана (порядка 25 человек), России и Таджикистана.

В свою очередь, за последние пять лет 200 с лишним человек мы разыскали на территории Казахстана, задержали и передали нашим коллегам, компетентным органам стран – участниц ШОС, для привлечения к уголовной ответственности.

К этому я хотел бы добавить, что в рамках ШОС на площадке Региональной антитеррористической структуры мы ведем общий, единый перечень лиц, причастных к террористической либо экстремисткой деятельности. В совокупности таких лиц почти 8 тысяч, из них порядка 700 граждан Казахстана. Но эти 700 человек – это в основном те, кто выехал в зоны конфликта, прежде всего в Ближний Восток. Значительная часть из них ликвидирована. Мы не снимаем их с учета, потому что имеются сведения, что некоторые лица вроде бы как ликвидированы, но на самом деле под чужими данными продолжают свою террористическую деятельность. Поэтому пока мы не удостоверимся в реальности их ликвидации, естественно, с учета не снимаем. Такая работа проводится.

Второй вопрос по компетентным органам. В соответствии с содержанием конвенции и компетенцией каждого государственного органа, как мы полагаем, компетентными органами по данной конвенции будут прежде всего Комитет национальной безопасности, Генеральная прокуратура, Министерство внутренних дел, в части, касающейся вопросов экстремизма – Министерство финансов, в части культурного обмена, контрпропаганды, реабилитации и так далее – Министерство информации и общественного развития. Спасибо.

ТӨРАҒА. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Рақмет, Нұрғали Дәулетбекұлы, орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі Нұржан Нұрланбекұлы Нұрсипатовқа беріледі.

НҰРСИПАТОВ Н.Н. Рақмет.

Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті әріптестер және шақырылған лауазым иелері! Қарастырылып отырған конвенцияның негізгі мақсаты Шанхай ұйымына қатысушы мемлекеттердің экстремизмге қарсы іс-қимыл ынтымақтастығының тиімділігін арттыру болып табылады. Өздеріңізге белгілі, экстремизм аумақтық шекараны таңдамайды. Халықаралық қауымдастықтың әріптестік іс-қимыл шеңберінде біріккен күш арқылы ғана экстремизмге және оның қауіпті салдарына қарсы тиімді тойтарыс беруге болады.

Аталған конвенция ынтымақтастық қағидаттары мен нысандарын, сондай-ақ осы халықаралық шартта қамтылатын қылмыстарға қатысты тараптардың юрисдикциясын айқындайды.

Құжатта «экстремизм», «экстремистік акт», «экстремистік материалдар» және «экстремизмге қарсы іс-қимыл» сияқты негізгі ұғымдар ашып көрсетілген.

Сотталғандарды ұстап беру және құқықтық көмек көрсету мәселелері реттеледі, тұтқындау және конвенцияда қамтылатын қылмыстардың ең болмаса біреуін жасау нәтижесінде алынған жеке немесе заңды тұлғаның мүлкін, сондай-ақ қылмыс жасау қарулары немесе құралдары ретінде немесе осы конвенцияда қамтылатын іс-әрекеттердің бірін қаржыландыру үшін пайдалануға арналған мүлікті тәркілеу кезінде мемлекеттердің ынтымақтастығы туралы ереже бекітіледі.

Қарастырылып отырған құжат үдеп бара жатқан террористік қауіп-қатердің ғана емес, кез келген мемлекеттік төңкерістің алдын алу тұрғысында заңды билікке зорлық әрекет жүргізуге қарсы іс-қимыл жасауға жол бермейтін құқықтық негіз болып табылады.

Конвенцияда кідіртілмейтін жағдайларда сұрау салуды ауызша беру мүмкіндігі берілген, бірақ 72 сағаттан кешіктірмей сол сұрауды жазбаша растай отырып беру мүмкіндігі туралы ереже қамтылған.

Конвенция жобасы экстремизмнің әлемдік деңгейдегі проблемалары мен қауіп-қатеріне қарсы одан әрі тиімді күрес жүргізу қажеттігіне байланысты уақытында және құқықтық негізделген құжат деп есептеймін.

Сенаттың тұрақты комитеттері заң жобасы бойынша оң қорытындыларын берді.

Құрметті әріптестер, осыған байланысты заң жобасын тұтастай қабылдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Нұржан Нұрланбекұлына сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда талқылауға көшеміз. Сөз сенатор Қожамжаровқа беріледі.

ҚОЖАМЖАРОВ Қ.П. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті әріптестер! Бүгінгі күні елімізде ұлттық қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуде барлық жағдай жасалған. Халықаралық және отандық сарапшылардың пікіріне сай қабылданып отырған шаралар оң нәтижесін беруде. Алайда терроризм мен экстремизм халықаралық сипаттағы қауіп-қатер болып табылады. Оның ошақтары бізге көршілес елдерде орын алып отыр.

Мұндай жағдайда Шанхай ынтымақтастық ұйымының өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі орны ерекше. Қаралып отырған заң жобасы осы ынтымақтастықты нығайта отырып, құзыретті мемлекеттік органдардың іс-әрекетіне заңнамалық және ұйымдастырушылық мүмкіндіктер қарастырған. Оларға менің әріптестерім толық сипаттама беріп өтті. Ең басты шарт конвенцияға мүше әрбір тараптың мүдделері толық қамтылған.

Құрметті әріптестер, осыған орай заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Қайрат Пернешұлы. Тағы сөйлейтіндер бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда шешім қабылдайық.

«Шанхай ынтымақтастық ұйымының экстремизмге қарсы іс-қимыл жөніндегі конвенциясын ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 46 депутат, «жақтағандар» – 46, «қарсылар» – жоқ, «қалыс қалғандар» – жоқ. Заң қабылданды.

Шақырылған азаматтарға рақмет. Аман-сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Түншықтыратын, улы немесе басқа да ұқсас газдар мен бактериологиялық құралдарды соғыста қолдануға тыйым салу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Асхат Қанатұлы Аймағамбетовке беріледі.

АЙМАҒАМБЕТОВ А.Қ. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті депутаттар! Қазақстан Республикасы өзінің бейбітшілік сүйгіш саясатын тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап дәлелдеп келеді.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жаппай қырып-жою қаруын пайдаланбау, барлық биологиялық зерттеулерді тек бейбіт мақсатта пайдалану, халықаралық қауіпсіздікті нығайту бойынша өз ұстанымын әлемдік деңгейде көтеріп, нақты істермен дәлелдегенін біз бәріміз білеміз. Қазіргі уақытта Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев осы саясатты жалғастыруда.

Қазақстан 2007 жылы бактериологиялық және уытты қаруды әзірлеуге, өндіруге және олардың қорын жинақтауға тыйым салу және оларды жою туралы конвенцияны ратификациядан өткізген болатын. 2007 жылы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі уәкілетті орган болды, қазір де осы құжат бойынша уәкілетті орган болып отыр.

Осы қабылданған конвенцияны толықтыратын және нығайтушы элемент ретінде Женева хаттамасы саналады. Бұл екі халықаралық құжат бір-бірімен өте тығыз байланысты.

Ұсынылып отырған Женева хаттамасы халықаралық қауіпсіздік жүйесінде маңызды рөл атқарады және осы саладағы қажетті тетіктердің бірі болып табылады.

Хаттама XX ғасырдың басында қабылданса да бүгінге дейін осы химиялық, тұншықтыратын, улы, бактериологиялық құралдарды қолдануға тыйым салатын басты заңды құжаттың бірі болып табылады. Сондықтан министрлік бүгін Женева хаттамасын ратификациялау мәселесін назарларыңызға ұсынып отыр.

Қазіргі кезде 1925 жылғы Женева хаттамасына қатысушы мемлекеттердің саны 140-тан асып кетті.

КСРО Женева хаттамасын 1928 жылғы ратификациядан өткізген болатын. Мысалы, Ресей Федерациясы осы хаттаманы 2001 жылы ратификациялады, басқа да көрші мемлекеттер 2000-шы жылдары осы рәсімнен өткізді.

Женева хаттамасын қабылдау туралы үндеу Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының тиісті қарарларында да қамтылған және Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесінің тапсырмаларында айтылған.

Женева хаттамасы еліміздің сыртқы саясатының тұжырымдамасына сәйкес келеді және жаппай қырып-жою қаруын таратпау және биологиялық қауіпсіздікті нығайту саласындағы бастамаларының бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі осы мәселені Білім және ғылым министрлігіне тиісті тапсырма беріп жүктеді. Сондықтан біз бұл жұмысты жүргізіп жатырмыз.

Құжаттың ғылыми-құқықтық сараптамасын әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жүргізді.

Женева хаттамасы Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының тұжырымдамасына, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына толық көлемде сәйкес келеді және заңнамаға басқа өзгерістерді талап етпейді.

Құрметті депутаттар, заң жобасы мемлекеттік органдармен келісілді. Сіздерден осы аталған заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын. Баяндама аяқталды.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Асхат Қанатұлына сұрақтарыңыз бар ма? Сенатор Нұралиев.

НҰРАЛИЕВ Ә.Т. Рақмет, құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы. Менің сұрағым қаралып отырған заң жобасымен сабақтасады.

Құрметті Асхат Қанатұлы, барлығымызға мәлім, Кеңес Одағы кезінде Арал теңізінің оңтүстік-батыс бөлігіндегі Барсакелмес аралында 1942 жылдан 1992 жылға дейін «Арал-7» әскери биохимиялық полигоны жұмыс істеді.

1992 жылдың қазан-қараша айларында әскери контингент Ресейге көшіріліп, биохимиялық зертхана бөлшектенді, құжаттама және жабдықтардың бір бөлігі Ресейге тасылып алынды, қалған бөліктері аралда қараусыз тасталды. Нәтижесінде Барсакелмес аралы биологиялық (бактериологиялық) қарулардың планетадағы ең үлкен зираты және ең лас қауіпті орындардың біріне айналды.

Сонымен қатар 1992 жылға дейін бұрынғы Ақмола облысының Степногорск қаласында Кеңестер Одағындағы ең қуатты биологиялық қару шығаратын Степногорск биотехнологиялық ғылыми-зерттеу институты жұмыс істеді.

Сұрақ. Аралдың суы тартылып, таяздануы Барсакелмес аралының аумағын 10 есе ұлғайтты және оны материк бөліктерімен біріктірді. Бүгінгі күні бұл нысанның адам, флора және фауна үшін қауіпсіздік мәселесі қандай?

Степногорск биотехнологиялық ғылыми-зерттеу институтының бүгінгі жағдайы қалай?

АЙМАҒАМБЕТОВ А.Қ. Өздеріңіз білесіздер, бұл маңызды мәселенің бірі. Бұл мәселе бойынша көршілес мемлекеттер де бірге тығыз жұмыс істеп жатыр, өйткені ол бізге ғана қатысты мәселе емес. Оңтүстіктегі көршілес мемлекет, басқа да мемлекеттермен бірге біз бұл салада қазіргі күнге шейін жұмыс істеп жатырмыз, бірақ тиісті қауіпсіздік шаралары қолданылды. Сондықтан бұл мемлекеттің қауіпсіздігіне қатысты болғандықтан тиісті құзыретті органдар жұмыс істеп жатыр.

Кезінде осы инфраструктураның бір бөлігі болған ғылыми-зерттеу институттардың көбісі қазіргі уақытта жұмыс істеп жатыр. Жалпы, Білім және ғылым министрлігінің құзыретінде 14 институт бар. Соның ішінде Отардағы биологиялық қауіпсіздік институты жұмыс істеп жатыр, жылына 60 миллион вакцина дозасын Ресейге де, Қазақстан бойынша да, басқа да көршілес мемлекеттерге сатып, биоқауіпсіздік бойынша жұмыс жүргізуде.

Степногорск мәселесі бойынша кезінде тиісті келісімшартқа қол қойылған, одан кейін бірнеше ғимарат бойынша тиісті шаралар қабылданып, биоқауіпсіздікке әсер ететін ғимараттарды біз жаптық. Сондықтан қазіргі уақытта ол инфрақұрылымнан Ұлттық биотехнология орталығының бір филиалы ретінде тек ғылыми салада жұмыс істейтін ұйым қалды. Ал қалған биоқауіпсіздік ұйымдар бойынша тиісті шешім қабылданып, шаралар жүргізілді. Сұрағыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Сенатор Нөкетаеваға сөз беріледі.

НӨКЕТАЕВА Д.Ж. Рақмет, Дариға Нұрсұлтанқызы.

Құрметті Асхат Қанатұлы, Ресей Федерациясы осы хаттаманы ратификациялау кезінде 1928 жылдың 5 сәуірінде Кеңес Одағы жасаған ескертпелерді алып тастаған. Бұл қандай ескертпелер, осыны таратып айтып берсеңіз.

Біздің ел де сол кезде Кеңес Одағының құрамында болғандықтан қазір осы заңды ратификациялау кезінде осы ескертпелерді біз ескердік пе? Рақмет.

АЙМАҒАМБЕТОВ А.Қ. Өздеріңіз көріп отырсыздар, бұл хаттама айналдырған екі беттен ғана тұрады. Көп мәселелер қарастырылған жоқ, бірақ 1928 жылы КСРО құжатты ратификациядан өткізгенде кезде халықаралық ахуал басқа болды, сондықтан қол қойды. Бірақ ол ескертпелер кейбір мемлекеттерге қатысты бір-екі бабына сәйкес болды, ол бәріне бірдей тарайтындай болған жоқ. Сондықтан осы ескертпелер КСРО-ның жалпы тарихы аяқталғанға дейін сақталып келді. Бірақ жаңа өзіңіз айтқандай, 2001 жылы Ресей Федерациясы ратификациядан өткізгенде барлық ескертпелерін алып тастап, біз бүгін қабылдап отырғандай толығымен осы құжатқа қосылды.

Біздің көршілес басқа мемлекеттер де құжатқа толығымен қосылды, ешкімде басқа ескертпелер болған жоқ.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ. Асхат Қанатұлы, рақмет.

Қосымша баяндама жасау үшін Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі Дана Өмірбайқызы Нұржігітоваға сөз беріледі.

НҰРЖІГІТОВА Д.Ө. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті депутаттар! Бүгінгі қаралып отырған заң жобасы Қазақстанның Бактериологиялық және химиялық соғысты жүргізу құралдарына тыйым салу бойынша жалпыға бірдей саясатты қалыптастыру жөніндегі хаттамаға қатысушы мемлекеттермен ынтымақтастығы үшін маңызды.

Мемлекет халық денсаулығын қорғау үшін ең алдымен биологиялық және химиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуі қажет. Бүгінгі хаттамаға қосылуымыз сол бағыттағы маңызды қадамдардың бірі.

Заң жобасының міндеті химиялық қаруды қолдануға тыйым салуды растайтын және бактериологиялық соғысты жүргізу құралдарына осы тыйымды қолданатын халықаралық құқықтың негізін құраушы нормаларын айқындау.

Хаттама күшіне енген соң Қазақстан химиялық және биологиялық қауіпсіздікке байланысты халықаралық құқықтық міндеттемелерді толық көлемде мойындайды.

Бүгінде биологиялық және химиялық қарудың қолданылу мүмкіндігінің өзі әлем елдерін алаңдатады. Ал Қазақстан бұл хаттамамен осындай қауіптердің алдын алып отыр. Осылайша, Қазақстан жаппай қырып-жоятын қаруды таратпау саласындағы сындарлы саясатын тағы бір айшықтайды.

Заң жобасының Қазақстан Республикасы Конституциясына және өзге де нормативтік-құқықтық актілерге қайшы келмейтіндігін және өзге комитеттерден ұсыныстар келіп түспегендігін ескере келе, заң жобасын қолдауларыңызды сұраймыз.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Дана Өмірбайқызына сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда талқылауға көшейік. Сенатор Мұқашев.

МҰҚАШЕВ Т.Т. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті депутаттар! ХХІ ғасырда биологиялық қауіпсіздік мәселесі мемлекеттік шекараларға қарамастан жаһандық сипатқа ие болды. Әлемнің барлық елдері үшін биологиялық қауіпсіздік проблемаларын шешетін жүйені ұйымдастыру және ғылыми-техникалық бағдарламаларды қалыптастыру мемлекеттік саясаттың құрамдас бөлігіне айналды.

Қазақстан да өз кезегінде биологиялық қауіпсіздік саласындағы нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру бойынша мақсатты жұмыстар жүргізуде.

Қарастырылып отырған заң жобасы Қазақстанның соғыс жүргізудің бактериологиялық және химиялық құралдарына тыйым салу жөніндегі жалпыға бірдей саясатты қалыптастыру жөніндегі хаттамаға қатысушы мемлекеттермен ынтымақтастық орнатуы үшін аса маңызға ие.

Көп жағдайда бұл Қазақстан Республикасының жалпы және толық қарусыздану жолындағы сындарлы саясатымен, химиялық және бактериологиялық қаруды әзірлеуге, өндіруге және олардың қорын жинақтауға тыйым салу және оларды жоюға байланысты ұстанымдарымен тікелей байланысты.

Сол себепті біздің еліміздің Женева хаттамасына қосылуы Қазақстанның халықаралық құқық нормалары қағидаттары мен мақсаттарына бейімділігін көрсетеді.

Құрметті әріптестер, аталған заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Басқа сөйлейтіндер бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда шешім қабылдайық.

«Түншықтыратын, улы немесе басқа да ұқсас газдар мен бактериологиялық құралдарды соғыста қолдануға тыйым салу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 47 депутат, «жақтағандар» – 47, «қарсылар» – жоқ, «қалыс қалғандар» – жоқ. Заң қабылданды.

Шақырылған азаматтарға рақмет. Аман-сау болыңыздар.

Енді депутаттық сауалдарға көшеміз. Құрметті әріптестер, естеріңізге салайын, Сенат Регламентіне сәйкес депутаттық сауалды жариялау үшін 5 минутқа дейін уақыт беріледі. Осыны ескеруді сұраймын.

Сөз сенатор Нұрсипатовқа беріледі.

НҰРСИПАТОВ Н.Н. Рақмет, Дариға Нұрсұлтанқызы.

Біздің депутаттық сауал Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне бағытталады. Сауалдың толық көлеміндегі мәтіні жазбаша берілген, сондықтан мәселенің мәнісін қысқаша баяндайын.

Еліміздің мемлекеттік шекарасындағы өткізу пункттерінің жұмыс жасай бастағанына 20 жылдан астам уақыт өтті. Олардың жәй-күйі қазіргі заман талаптарына сәйкес келмейді және инфрақұрылымдық жарактандырылуы бүгінгі транзиттік ағынға шақтап есептелмеген. Соның салдарынан Ресей, Өзбекстан және Қырғызстанмен шектес кейбір өткізу пункттерінде адамдар мен көлік құралдары кептеліске ұшырап, еліміздің көлік-логистикалық әлеуетіне, өңірлік және халықаралық сауда қызметін дамытуға кері әсер етуде.

Жоғарыда атап көрсеткен мемлекеттердің Президенттері мен Үкімет басшыларының ресми сапарлары мен кездесулерінде өткізу пункттерінің инфрақұрылымын жақсарту үшін кең көлемді жұмыстар жүргізу туралы бірнеше рет атап көрсетілген болатын.

Бұл мәселе 2019 жылғы сәуір айында Мәскеуде Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Төрағасының Ресейдің Федерация Кеңесінің Төрағасы және Премьер-Министрімен кездесуі барысында да талқыланды.

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Осы атап көрсетілген түйінді мәселелерді шешу мақсатында мемлекеттік шекарадағы өткізу пункттерін жайластыру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары, сол пункттердің инфрақұрылымын жасау, ұстау және дамыту жауапкершілігін белгілі бір мемлекеттік органға жүктеу, сондай-ақ еліміздің Ұлттық қауіпсіздігі стратегиясының құрамдас бөлігі ретінде Мемлекеттік шекара саясаты тұжырымдамасын әзірлеу және қабылдау жөніндегі Үкіметтің кешенді бағыттарымен таныстыруыңызды сұраймыз.

Комитет мүшелері: Құл-Мұхаммед, Қожамжаров, Мұсабаев, Мұқашев, Нұржігітова, Нұрсипатов. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Келесі сөз сенатор Бектұрғанов Серік Шыңғысұлына беріледі.

БЕКТҰРҒАНОВ С.Ш. «Министру здравоохранения Республики Казахстан господину Биртанову. Депутатский запрос.

Уважаемый Елжан Амантаевич! В декабре 2018 года был принят проект Закона «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам здравоохранения».

Одной из новелл этого закона стало внесение в Кодекс «О здоровье народа и системе здравоохранения» нормы по введению в стране принципа сооплаты, который предполагает оплату разницы стоимости лекарственных средств, медицинских изделий и установленной предельной цены их возмещения в рамках гарантированного объема бесплатной медицинской помощи и в системе обязательного социального медицинского страхования.

Таким образом, законодательно был решен вопрос, о котором неоднократно просили наши граждане.

Учитывая, что внедрение такого сложного механизма, как сооплата, требует серьезной подготовительной работы, в том числе решения технических и организационных вопросов, эта норма была принята с отлагательным условием и должна была начать действовать с 1 января 2020 года. Однако фактически этого не произошло, несмотря на то, что 31 декабря 2019 года, то есть через год после принятия закона, был подписан приказ Министра здравоохранения Республики Казахстан «Об утверждении Правил осуществления сооплаты на лекарственные средства и медицинские изделия».

Более того, 22 января текущего года на встрече членов Комитета по социально-культурному развитию и науке с руководством Министерства здравоохранения и ТОО «СК-Фармация» по вопросам эффективности работы по лекарственному обеспечению населения представители Министерства здравоохранения сообщили, что в ближайшие полгода внедрения механизма сооплаты не произойдет.

То есть фактически уполномоченным органом не исполняется требование действующего Кодекса Республики Казахстан «О здоровье народа и системе здравоохранения», и наши граждане лишены законного права выбрать более дорогостоящие лекарственные препараты или медицинские изделия по своему желанию в рамках ГОБМП и в системе ОСМС, оплатив разницу в стоимости.

В связи с вышеизложенным прошу дать ответы на следующие вопросы.

По какой причине не исполняется норма Кодекса Республики Казахстан «О здоровье народа и системе здравоохранения» о сооплате?

Рассматривался ли вопрос об ответственности должностных лиц Министерства здравоохранения, не обеспечивших выполнение этой нормы кодекса?

Если Министерство здравоохранения понимало, что с 1 января 2020 года не сможет обеспечить внедрение механизма сооплаты, то почему не вышло с инициативой внести соответствующие изменения в рамках законопроектов, рассмотренных Парламентом в 2019 году?

Когда казахстанцам ждать начала внедрения механизма сооплаты стоимости лекарственных средств, медицинских изделий в рамках гарантированного объема бесплатной медицинской помощи и в системе обязательного социального медицинского страхования?

С уважением, депутат Сената Бектурганов».

ТӨРАҒА. Келесі сөз сенатор Әбдікерев Рысқали Қалиақбарұлына беріледі.

ӘБДІКЕРОВ Р.Қ. Рақмет, құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жолданады.

«Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Бүгінгі депутаттық сауалға ағымдағы жылдың қаңтар айында аймақтарды аралау шеңберіндегі Қарағанды облысына іс-сапарымыз барысында тұрғындар тарапынан айтылған көптеген арыз-шағымдарға арқау болған,

көкейтесті мәселенің бірі – халықты электр энергиясымен жабдықтау жағдайы себеп болып отыр.

Қазіргі уақытта облыстың энергия тұтынушыларына, оның ішінде халыққа ірілі-ұсақты алты бірдей энергиямен жабдықтаушы мекеме қызмет көрсетеді. Алайда олар электр энергиясын көбінесе өз аумағындағы емес, керісінше, шалғайдағы энергия көздерінен сатып алуға мәжбүр. Бұл өз кезегінде энергия жеткізуші және транзиттік мекемелер түріндегі делдалдар арқылы келген электр қуаты тарифінің көтерілуіне әкеліп, нақты тұтынушыларға тиімсіз әсерін тигізіп отыр.

Бұл орайда облыста жалпы белгіленген қуаты 2 мың 302 мегаватт/сағат болатын 8 жылу электр станциясы шоғырланып отыр. Олардың қатарында «Қазақмыс» корпорациясына қарайтын Балқаш (ЖЭО), Жезқазған (ЖЭО), Топар (МАЭС) сияқты ірі энергия станциялары бар және аталған станциялардан өндірілетін электр қуаты негізінен корпорацияның жеке өндірістік қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған, ал артылған электр қуаты аумақ тұтынушыларының қажетін өтемей, тысқары жердегі басқа заңды компанияларға шарт негізінде сатылуда.

Мысалы, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қарағанды облысы бойынша ресми сайтының ақпаратына сәйкес 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қосымша құн салығын есепке алғанда орташа тариф жеке тұлғадан 10 теңге 58 тиын болып қалыптасқан. Алайда Балқаш қаласының тұрғындары 1 киловатт электр энергиясы үшін қосымша құн салығын есепке алғанда жеке тұлғалар 14 теңге 36 тиын, ал коммерциялық құрылымдар 20 теңге 54 тиын төлеуге мәжбүр болуда. Осындай келеңсіздіктер Жезқазған, Сәтбаев қалаларында да қалыптасып отыр.

Осыған байланысты жергілікті жерде тұратын халықты арзан электр қуатымен одан әрі қамтамасыз ету мақсатында тиісті энергиямен жабдықтаушы мекемелер электр энергиясын жергілікті энергия көздерінен сатып алуын міндеттеуді заңнамалық жағынан негіздеуді ұсынамыз. Сонда ғана электр энергиясының тарифін тұтынушы халық үшін айтарлықтай төмендетуге болады.

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Осы мәселенің ерекше маңыздылығын ескере отырып, «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңына және Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне түзетулер енгізуді қарастыруыңызды сұраймыз.

Депутаттық сауалды қарау нәтижелері туралы заңда белгіленген мерзімде жазбаша жауап беруіңізді сұраймыз». Рақмет.

ТӨРАҒА. Келесі сөз сенатор Шелпеков Бақтыбай Ақбердіұлына беріледі.

ШЕЛПЕКОВ Б.А. Рақмет, Дариға Нұрсұлтанқызы.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Маминге.

«Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Маңғыстау облысына қарасты Қаракия ауданында 37 мыңдай халық орналасқан, аудан орталығы Құрық ауылында 11 мыңдай тұрғын бар. Ал қалған аудан халқының 70 пайызы ауданға қарасты елді мекендерде тұрақтанған.

Тұрғындардың аудан орталығына негізгі қатынас жолы «Құрық – Жетібай» тас жолы, бірақ жолдың жарамсыздығына байланысты орталыққа келу үшін алыс ауылдардағы халық «Жаңаөзен – Жетібай – Ақтау – Құрық» тас жолдарымен келуге мәжбүр. Шамамен 200 шақырымдық жолды жүріп өтеді.

Ұзындығы 64 шақырым «Құрық – Жетібай» жолы көлік қатынасына жарамсыз. Аудан орталығына күнде қатынайтын жұрт жол азабын тартып-ақ келеді. Жол мәселесі тұрғындардың соңғы 15 жыл бойы көтеріп келген ең өзекті, күн тәртібінен түспейтін, шешімін табуды талап ететін мәселелердің бірі.

Бұл жолды халықаралық көлік дәлізі деуге де болады. Себебі еліміздің транзиттік және экспорттық әлеуетін арттыратын «Құрық» портына келетін жүктер тап осы бағытта Ресей мен Өзбекстаннан тасымалданады.

Егер көрші елдерден келетін ірі жүк тасымалдары Ақтау қаласын айналмай-ақ Жетібайдан тура жолмен «Құрық» портына қатынаса 120 шақырымды үнемдейтіні анық.

2018 жылы жоғарыда аталған жолдың күрделі жөндеу жүргізуге жобалық-сметалық құжаты әзірленді, мемлекеттік сараптамасы бар.

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Сізден республикалық маңызы бар аталған 64 шақырымдық құрайтын тас жолдың күрделі жөндеу жұмыстарына 2020 жылдың бюджетін нақтылау кезінде республикалық бюджеттен мүмкіндігінше бастапқы қаржы бөлуді сұраймыз.

Сенат депутаттары Шелпеков, Бортник».

ТӨРАҒА. Рақмет.

Келесі сөз сенатор Төреғалиев Нариман Төреғалиұлына беріледі.

